

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402 Жарлығы.

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтар үшін қаржы жинақтау, экономиканың қолайсыз сыртқы факторлар ықпалына тәуелділігін азайту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі - Қор) құрылсын.
2. Былай деп белгіленсін:
 - 1) Қор активтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотында шоғырландырылады;
 - 2) Қор активтерін басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады;
 - 3) Қордың көлемі мен пайдаланылуы бағыттарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды;
 - 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне Қорды қалыптастыру және пайдалану жөніндегі жылдық есепті табыс етеді.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.01.29. N 543 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, 2000 жылғы 1 қарашаға дейін:

- 1) Қор қызметін ұйымдастыру үшін қажетті және Қор активтерін транспарентті әрі тиімді басқаруды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың жобаларын дайындап, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу;
- 2) Қор активтерін түзудің көздері туралы мәселені пысықтау, қажет болған жағдайда заң актілерінің жобаларын Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу;
- 3) Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті мен Үкіметі өкілдерінің қатысуымен Қордың басқару органдарын құру жөнінде ұсыныстар табыс ету тапсырылсын.

4. Осы Жарлық осы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті